

## Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу нұсқаулығын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 58-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 30 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4648 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 136 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.04.23 N 136 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 2 наурыздағы N 237-III "Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын іске асыру мақсатында,

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 10 тамыздағы N 30 " Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1679 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 15, 569-күжат) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру басқармасы (Н.Б. Баржақсы) заңда көрсетілген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының орынбасары С.Е. Бекеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы  
жөніндегі комитеті Төрағасының  
2007 жылғы 30 сәуірде N 58-НҚ  
бұйрығымен бекітілді

## **Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу Нұсқаулығы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімі) 1000 , 1029 -баптарына, 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңының 11-бабының 6-тармағына, 1999 жылғы 26 шілдедегі "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабының 1, 2, 3-тармақтарына, 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422-I "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18, 19, 20-баптарына , 29 маусымдағы 2001 жылғы N 217 "Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабына , 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415-II "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-I "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленіп және өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарын тіркеуін нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) ерекше құқық - өнеркәсіптік меншік объектілерін кез келген тәсілмен қарауына қарай пайдалануға болатын патент иесінің мүліктік құқығы.

2) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары немесе қызмет көрсету таңбалары, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиясы;

3) қорғау құжаттары - өнертабысқа алдын ала патент (2007 жылғы 2 наурыздағы N 237 "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін берілген), өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге, селекциялық жетістікке

патент; өнертабысқа инновациялық патент; тауар таңбасына немесе қызмет көрсету таңбасына, интегралдық шағын сызбалардың топологиясына куәлік;

4) беру шарты - қорғау құжаттарын немесе өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқықты беру туралы шарт;

5) қорғау құжатының иесі - шарттың мәні болып табылатын, шарттың қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқығы бар, шарттың т а р а б ы ;

6) құқықтық мұрагер - беру шартының өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқықты сатып алатын тарабы;

7) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және өнеркәсіптік меншік объектілері құқығын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н ;

8) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым.

3. Беру шарты кез келген кезде өнеркәсіптік меншік объектісінің ерекше құқығының қолданылу мерзімі ішінде бекітіледі, соған қатысты шарт жасалады.

4. Қорғау құжатын немесе ерекше құқықты беру тек өзгеге беру шартын рәсімдеу арқылы жасалады. Беру шарты жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге жатады.

5. Сараптама жасау ұйымымен жүргізілетін, материалдар сараптау қорытындылары бойынша өзгеге беру шартын тіркеуін жүзеге асырады.

Өзгеге беру шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

6. Шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ, бұл кедергілерді жоюға болатын н е г і з д е р :

1) соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың қ о л д а н ы л у ы н ы ң т о қ т а у ы ;

2) күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздердің, сондай-ақ соған қатысты шарт жасалатын ерекше құқықтан қалыс қалуға кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы ;

4) шартта Қазақстан Республикаларының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы;

#### 7. Шартты тіркеуден бас тарту негіздемелері:

1) соған қатысты шарт жасалатын алдын ала патентке, инновациялық патент немесе тауар таңбасына ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы;

2) қызмет көрсету таңбасы, тауар таңбасына ерекше құқықтарын басқаға берумен байланысты тауар және оны шығарушысына қатысты тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін болған жағдайда;

3) ұсынысқа уақытылы жауап бермеген жағдайда;

4) жауапта барлық қажетті мәліметтер мен құжаттардың жоқтығы;

## 2. Өзгеге ерекше құқық беру шарттарын тіркеу

8. Сараптама жасау ұйымына беру шартын тіркеуге:

Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша ө т і н і ш і ;

Өтініш беру шартының біреуіне қатысты болуы керек.

Өтініш беру шарты тараптарының біреуімен, олардың мұрагерлерімен немесе құқықтық мирасқорларымен, не өкілмен немесе Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірушісімен беріледі.

Патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл атынан өтініш бергенде, оған шарттың бір тарапынан берілген сенімхат қоса беріледі.

Заңды тұлға атынан берілген өтінішке ұйымның басшысы немесе лауазымы көрсетіліп, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілетті тұлға қолын қояды .

Мұрагер немесе құқықтық мирасқор атынан берілген өтінішке мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттың куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

## 9. Өтінішке қосымша:

1) беру шартының түпнұсқасы мұқабә бетімен төрт данада. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек.

Беру шартының орнына шарттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері немесе құқықты беру фактісін қамтып көрсететін шарттан алынған нотариалды куәландырылған үзінді беріле алынады.

2) мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат;

4) белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат;

5) қорғау құжаты иесінің басқару органының немесе шарттарды бекіту және оған атқарушы орган басшысының қолын қою құзырлығын беру жөніндегі құрылтайшылар немесе акционерлердің ерекше құқығының жалпы жиналысының шешімі қоса беріледі.

Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі. Жеке тұлғалардың шетелдік аттары мен атаулары қазақша немесе орысша транслитерациясында көрсетілуі керек. Осы нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген басқа құжаттар мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде беріледі. Егер басқа құжаттар өзге тілде берілсе, өтінішке белгіленген тәртіпте нотариалдық куәландырылған олардың аудармасы мемлекеттік немесе орыс тілінде қоса беріледі.

10. Өз атынан сараптама жасайтын ұйымға шарттың материалдарын беретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында тіркелген патенттік сенім білдірушілер арқылы жүргізеді;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша шекарадан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар басқаға беру шарттарын тіркеуге байланысты істерді Қазақстан Республикасының шегінде хат жазысу үшін мекен-жайын көрсеткен жағдайда патенттік сенім білдірушісіз жүргізе алады.

11. Сараптама жасау ұйымы құжаттар ұсынылған соң: өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сараптама жасау ұйымы келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның

барысында қажетті құжаттардың бар болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптаманы жүргізу төлемін растайтын құжаттың болмаған жағдайында, өтініш берушіге алдын ала төлем есебі беріледі. Бұл ретте осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің келіп түскен күнінен бастап есептелінеді.

Шарттың қарауға қабылданған материалдарына бір ай мерзім ішінде олардың мәні бойынша сараптама жүргізіледі, соның барысында шарт материалдарына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес талдау жүргізіледі.

12. Құжаттарды рәсімдеу талаптарын бұзған жағдайда немесе осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жойыла алынатын негіздердің болғанында, өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды беруге немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге ұсынысы бар сұраным жіберіледі. Бұл ретте осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген сараптаманың мәні бойынша жүргізілетін мерзімдер жоқ немесе түзетілген құжаттарды берген күннен бастап саналады.

Осы Нұсқаулықтың 7-тармағымен қаралған, негіздердің бар жағдайында, сараптама жасау ұйымы уәкілетті органға бас тартудың себептерін көрсете отырып, шартты тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

13. Егер сараптама жүргізу барысында кейбір мәселелер бойынша қорытынды талап етілсе, онда бұл жағдайда осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген мәні бойынша сараптама жүргізудің мерзімі қорытынды берілген күннен бастап есептелінеді. Сұраным жіберілген күннен бастап он бес күн аралығындағы мерзім ішінде қызмет қорытындысы беріле алынады.

14. Сараптаманың қорытындысы болымды нәтиже берген жағдайда, сараптама жасау ұйымы уәкілетті органға өзгеге беру шартының тіркелуіне кедергі болатын негіздердің жоқ болғаны туралы қорытынды жібереді.

15. Беру шартын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім уәкілетті органмен қабылданады.

16. Уәкілетті орган келісім-шартты тіркеу туралы шешім шығарған соң, тіркеу туралы шешімді уәкілетті орган сараптама жасау ұйымына жібереді, сараптама жасау ұйымы өтініш берушіге шартты тіркеу үшін мемлекеттік баждың төлемін жасау туралы хабарлама жібереді.

Егер ағымдағы жыл ішінде өтініш берушімен төлем жүргізілмесе, не бекітілген тәртіпте расталмаса, уәкілетті орган шартты тіркеуден бас тартады.

Беру шартын тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган шығарған жағдайда, қаралып жатқан шарт бойынша құжаттардың жиынтығы тіркеуден бас

тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша жіберіледі.

17. Уәкілетті орган өзгеге беру шартын тіркеген үшін мемлекеттік баж төлемі  
р а с т а л ғ а н с о ң :

1) өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді,  
оған қатысты өзгеге беру шарты жасалады;

2) беру шартының мұқаба бетінде тіркелген күні, шарт және оның  
қосымшаларының парақ саны, тіркеу нөмірі көрсетіліп, тіркелгені туралы  
м ө р т а б а н қ о й ы л а д ы ;

3) беру шарттарының тіркелген тізіліміне өзгеге беру шарты туралы  
м ә л і м е т т е р д і е н г і з е д і ;

4) өтініште көрсетілген хат алмасатын мекен-жай бойынша тіркелген өзгеге  
беру шартының екі данасын және қорғау құжатына қосымша жібереді.

Шарттың үшінші және төртінші даналары уәкілетті орган мен сараптама  
жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып саналады.

18. Тіркелген өзгеге беру шарттары жөніндегі сараптама жасау ұйымы:  
ай сайын тіркелген өзгеге беру шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда:

шарттың тіркеу нөмірі мен күнін;  
шарт тараптарының атауы немесе тегі, аты-жөнін;  
ш а р т т ы ң м ә н і н ;  
ш а р т т ы ң қ о л д а н ы л у а у м а ғ ы н ;  
ш а р т т ы ң қ о л д а н ы л у м е р з і м і н ;

шарттың қолданылу аумағын бюллетенде жариялайды.

### **3. Қорғау құжаттарды алу құқығын беру туралы келісім-шарттарды тіркеу**

19. Қорғау құжатын алуға құқықты беру шартты сараптамаға жатады және  
Тіркелген шарттар тізіліміне енгізіледі.

Қорғау құжаттарды алу құқығын өзгеге беру шарттарды тіркеу туралы өтініш  
сараптама жасау ұйымына осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес беріледі.

Ө т і н і ш к е :

1) Қорғау құжаттың алуға құқығын өзгеге беру шартының түпнұсқасы екі  
тарапымен қол қойылған, бар қосымша келісім мұқаба бетімен төрт данада.

Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек.

Беру шарттардың түпнұсқасы орнына, олардың нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылуы мүмкін.

2) мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығы құқығын растайтын - құжат көшірмесі ;

3) өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат ;

4) белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат.

Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі. Жеке тұлғалардың шетелдік аттары мен атаулары қазақша немесе орысша транслитерациясында көрсетілуі керек. Осы нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген басқа құжаттар мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде беріледі. Егер басқа құжаттар өзге тілде берілсе, өтінішке белгіленген тәртіпте нотариалдық куәландырылған олардың аудармасы мемлекеттік немесе орыс тілінде қоса беріледі.

20. Беру туралы шартын алуға қоса берілген құжаттарды тіркеу туралы өтінішті ресімдеу мен беру тәртібіне, сондай-ақ қорғау құжатын алу құқығын басқаға беру туралы шартын сараптамадан өткізу мен тіркеу тәртібіне осы Нұсқаулықтың 10-18 тармақтарындағы ережелер қолданылады.

#### **4. Ішінара беру шартын тіркеу**

21. Өндірістік меншік нысанасына ерекше құқықтарын ішінара беру шарты сараптама мен тіркеуге жатады.

Ерекше құқықтарын ішінара басқаға беру шарттарды тіркеу туралы өтініш сараптама жасау ұйымына осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес беріледі.

22. Өтінішке :

1) ерекше құқықтарын ішінара басқаға беру шартының түпнұсқасы екі тарапымен қол қойылған, бар қосымша келісім мұқаба бетімен төрт данада. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары



қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек.

Беру шарттардың түпнұсқасы орнына, олардың нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылуы мүмкін.

2) мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығы құқығын растайтын - құжат көшірмесі;

3) өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат;

4) белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат.

5) Қорғау құжаты иесінің басқару органының немесе құрылтайшылар немесе акционерлер жалпы отырысы ерекше құқығы

Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі. Жеке тұлғалардың шетелдік аттары мен атаулары қазақша немесе орысша транслитерациясында көрсетілуі керек. Осы нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген басқа құжаттар мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде беріледі. Егер басқа құжаттар өзге тілде берілсе, өтінішке белгіленген тәртіпте нотариалдық куәландырылған олардың аудармасы мемлекеттік немесе орыс тілінде қоса беріледі.

23. Беру туралы шартын алуға қоса берілген құжаттарды тіркеу туралы өтінішті ресімдеу мен беру тәртібіне, сондай-ақ қорғау құжатын алу құқығын беру туралы шартын сараптамадан өткізу мен тіркеу тәртібіне осы Нұсқаулықтың 10-18 тармақтарындағы ережелер қолданылады.

## **5. Қорытынды ережелер**

24. Кез келген тұлға Тіркелген басқаға беру шарттарының тізілімінен тіркелген беру шартына қатысты басылымға ашық мәліметтер туралы үзіндіні алуға құқылы.

Беру шартының мәтінімен үшінші тұлғаларды таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді алуға тек шарт тараптарының жазбаша келісімі болғанда жол беріледі.

25. Беру шартының сараптамасы мен тіркелуінің барлық деңгейінде шарттың мазмұны мен талаптарына қатысты, ашық жариялаудан басқа мәліметтердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарын тіркеу жөніндегі

У-1 нысаны

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің  
"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК

**Беру шартын тіркеу туралы**

**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген өзгеге беру қорғау құжатын (қорғау құжаттарын) \_\_\_\_\_ тіркеуді \_\_\_\_\_ сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Иесі (иелері) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

Иелер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

5. Құқықтық мұрагер (құқықтық мұрагерлер)

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы  
Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы)  
м е н т е л е ф о н д а р ы \_\_\_\_\_

Құқықтық мұрагерлер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

6. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен т е л е ф о н д а р ы \_\_\_\_\_

7. Хат жазысу үшін мекен-жайлары \_\_\_\_\_

8 . Қ о с ы м ш а л а р :

Тіркелетін шарт \_\_\_\_\_ парақта (N N қосымшалары \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_\_ данада;

Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге уәкілетті өкілдің  
құзырлығын растайтын сенімхат;

Төлемді растайтын құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

М . О . \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ лауазымы, Т.А.Ж. және қолы  
Күні \_\_\_\_\_

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне  
ерекше құқықты беру туралы шарттарын  
тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

2 - қ о с ы м ш а

У-2 нысаны

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің  
"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК

**Қорғау құжатын алу құқығын беру туралы шартын  
тіркеу туралы**

**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатын (өтінімдердің  
нөмірін) алудың басқаға беру құқығын тіркеуді сұраймын.

2. Өтінімнің (өтінімдердің) атауы (атаулары) мен нөмірі  
(нөмірлері) \_\_\_\_\_

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру  
парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Иесі (иелері) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды  
тұлғаның атауы

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

Иелер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

5. Құқықтық мұрагер (құқықтық мұрагерлер)

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы  
Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

Құқықтық мұрагерлер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

6. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

7. Хат жазысу үшін мекен-жайлары \_\_\_\_\_

8. Қ о с ы м ш а л а р :

Тіркелетін шарт \_\_\_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_\_ данада;

Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге уәкілетті өкілдің құзырлығын растайтын сенімхат;

Төлемді растайтын құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

М . О .

лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы

Күні \_\_\_\_\_

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше  
құқықты беру туралы шарттарын  
тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

3 - қ о с ы м ш а

У-3 нысаны

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің  
"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК

**Ерекше құқықты ішінара беру туралы шартын тіркеу туралы  
ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген айрықша құқықты ішінара өзгеге  
беруді тіркеуді сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен  
нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру  
парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Тапсырылатын класс (кластар) ТҚХЖ

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы  
Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен  
телефондары \_\_\_\_\_

Иелер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында  
қажетті ақпаратты келтіріңіз.

5. Құқықтық мұрагер (құқықтық мұрагерлер)

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы  
Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен  
телефондары \_\_\_\_\_

Құқықтық мұрагерлер бірнеше болса, белгі қойыңыз, және  
жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың  
әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

6. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен  
телефондары \_\_\_\_\_

7. Хат жазысу үшін мекен-жайлары \_\_\_\_\_

8 . Қ о с ы м ш а л а р :

Тіркелетін шарт \_\_\_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_\_  
п а р а қ т а ) \_\_\_\_\_ д а н а д а ;

Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге уәкілетті өкілдің  
құзырлығын растайтын сенімхат;

Төлемді растайтын құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_ М.О.

лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы

Күні \_\_\_\_\_